

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сынып оқушыларына арналған оқулық

Шартты белгілер



– не үйренесің?



– топтық жұмыс



– жұптық жұмыс



– ойлануға берілген
сұрақтар мен тапсырмалар



– пәнаралық байланыс



– ізден, сұра, зертте



– шығармашылық жұмыс



– ереже



– жаз



– есіңе түсір



– аудио, бейнематериалдар
(мұғалім сыныпта, оқушы үйде пайдаланады)

Оқулықтағы QR-кодты қолдану бойынша нұсқаулық

1. Смартфон немесе планшетіңіздің камерасын QR-кодқа бағыттаңыз.
2. Сілтеме пайда болғанша күтіңіз.
3. Қажетті ресурсқа өту үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Егер сіздің құрылғыңыз QR-кодты анықтай алмаса, онда QR-кодты оқуға арналған кез келген тегін қосымшаны жүктеп алыңыз. Мысалы, QR Code Reader-ді Google Play Market немесе App Store қосымшалар дүкенінен жүктеп алуға болады.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына оқулық және әдістемелік нұсқаулық кіреді. «Қазақ тілі» электрондық оқулығымен баспаның web-платформасында таныса аласыз.

Құрметті оқушы!

Қолындағы «Қазақ тілі» оқулығы арқылы ойыңды түсінікті жеткізе білуге, сауатты жазуға және сөйлемді дұрыс құрауға дағдыланасың. Осы бөлімде қаратпа, қыстырма сөздердің сөйлемдегі қызметін білесің. Мәтін түрлері туралы біліміңді толықтырасың. Ә, ф, в, ч, щ, х, һ әріптерінің емлесін сақтап жазасың. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін ажыратасың.

Әр сабақта тапсырма түрі әр алуан: сурет, кесте, диаграмма бойынша мәтін құрайсың. Хабарландыру, хат жазасың.

Оқулықтың электрондық нұсқасы бар. Онда интербелсенді тапсырмалардан бөлек аудио мен бейнежазбалар да қамтылған. Олар сабақты қызықты етіп, жаңа білімді жеңіл меңгеруге көмектеседі. Өз ойыңды ашық айтуға, шығармашылық жұмыс істеуге әрқашан талпын.

Оқулықта жасыл түспен берілген төртбұрыштың ішінде сөздер жазылған. Бұл – «осы сөздердің мағынасын оқулықтың соңындағы түсіндірме сөздіктен оқы» деген сөз.

«Қазақ тілі» сабағындағы жұмысыңа сәттілік тілейміз.



Жанды табиғат

Бұл бөлімде сен:

- сөйлеу дегеніміздің не екенін;
- мәтін түрлерін және олардың ерекшеліктерін есіңе түсіресің;
- сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысуға;
- сурет, сызба, тірек сөздер және мәтін тақырыбының көмегімен мәтін түрлерін құрауға;
- аудио, бейнежазба мазмұны бойынша өз көзқарасыңды білдіруге дағдыланасың;
- жоспар және тірек сөздер бойынша ауызша мәтін құрап үйренесің.



Сөйлеу

Ауызша
тіл

Жазбаша
тіл



Әңгімелеу

Сипаттау

Пайымдау



1


Тіл және сөйлеу



Тіл және сөйлеу дегенімізді есіңе түсіресің, ойыңды тұжырымдап үйренесің. Сұрақтарға жауап бересің.



1-жаттығу. «Тіл және сөйлеу» туралы білетініңді есіңе түсір. Сызбаны пайдаланып, ереже құр.




Сөйлеу дегеніміз – адамның тіл арқылы ойын, пікірін білдіруі.



2-жаттығу. Сөйлемдерді түсініп оқы. Ережеге сүйеніп, сөйлеу түрлерін ажырат.

1. Қуаныш Ы. Алтынсаринның «Кел, балалар, оқылық» өлеңін оқыды. 2. Айша анасына телефон арқылы хабарлама жазды. 3. Мұғалім оқушылармен білім туралы сөйлесті. 4. Оқушылар бүгінгі сабақта білім туралы шығарма жазды.





3-жаттығу. Үлгіге қарап, өлең жолдарына сұрақ қой. Жауаптарды бағала.

Өлең жолдары	Сұрақ
Кел, балалар, оқылық.	Автор балаларды неге шақырады?
Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық.	...?
Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар.	...?
Оқысаңыз, балалар, Тілегенің алдыңнан Іздемей-ақ табылар.	...?



4-жаттығу. Сурет бойынша ауызша және жазбаша сөйлеу түрлеріне сөйлемдер құрап жаз.



5-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

жарғақ

Халқымыз ерте кезде тасқа қашап жазды. Қамыспен жарғақ теріге жазды. Кейіннен қағазға жазып, баспа құрды.

Қазір кітап басып шығарудың жаңа үлгілері бар. Қазіргі ұрпақ кітапты қастерлеп пайдалана білуі қажет.

(Әдібай Табылды)



Сөйлеудің қай түрі туралы жаңа ақпарат алдың? Ауызша және жазбаша сөйлеу туралы ойыңды тұжырымдап айт.

2

Мәдениетті сөйлеп үйренейік



Сыпайы сөйлеп, ойыңды қысқа, нақты жеткізуге дағдыланасың. Жүйелі түрде жоспарлап сөйлеуге үйренесің.



1-жаттығу. Сыпайы сөздерді қолданып, сурет бойынша әңгіме құраңдар.

Балалар, ...

Демалушылар, ...



2-жаттығу. Қуаныш пен Айшаның әңгімесін түсініп оқы.

– Қуаныш, күзгі табиғат қандай әдемі! Табиғаттың сұлулығын сақтап қалу үшін не істей аламыз?

– Бәріміз табиғатты қорғауымыз керек. Мәселен, ағаш бұтағын сындырмау, құстарға қамқорлық көрсету.

– Иә, мен күнде көшеде қоқысты жерге тастаған адамдарды көремін. Оларға ескерту айтқанымда өзіме дөрекі жауап береді.

– Дұрыс айтасың, арамызда дөрекі сөйлейтін адамдар да бар. Бірақ сен оларға дөрекі жауап қайтарма. Керісінше, «Мазаңызды алғаным үшін кешірім сұраймын», – деп жауап бер. Сонда ондай адамдар ойланып қалады.

- Қуаныштың пікірін толықтырып жаз.




- Ешқашан дөрекі сөйлем. Сыпайы сөйле.
- Бір пікірді ек-үш рет қайталап айтпа. Ойыңды қысқа, нақты айт.
- Орынсыз сөйлем. Әңгімелескен адамыңды тыңдай біл.



3-жаттығу. Төмендегі әр тапсырманы ретімен орында.



1. Өлеңді тыңда, есіңе сақтап ал.
 2. Апасының ақылын өз сөзіңмен дәптеріңе жаз.
 3. Енді осы жазғаныңды мәнерлеп оқы.
 4. Жалпы, құстарды неге қорғау керек? Сөйлеу мәдениетін сақтап дәлелде.
- Орындалған тапсырмалар сөйлеу әрекетінің қай түріне жатады?



4-жаттығу. Бөлтірік шешеннің баласына айтқан ақылын түсініп оқы.

Жатқа сөйлем, жаманға сөйлем,
 Асырып сөйлем, батырып сөйлем.
 Ойсызға айтқан сөзден ойлыға айтқан сөз дұрыс.
 Сөйлемес жерді білсең,
 Бәрінен де сол дұрыс.
 Олай болмаған жерде,
 Қанша асыл деме –
 Сөзіңнің алды бұрыс, арты ұрыс болып шығады.

жат



- Нақыл сөздің мазмұны бойынша пікіріңді білдір.
- «Күзгі табиғат» тақырыбында жоспарлап сөйлеуге дайындал.

3

Мәтін түрлері. Әңгімелеу мәтіні



Әңгімелеу мәтінінің құрылымын еске түсіресің.
Берілген тақырыпқа әңгіме құрайсың.



1-жаттығу. Сызба арқылы мәтін және мәтіннің түрлері туралы біліміңді есіңе түсір.



2-жаттығу. Жоспар мен суреттерді пайдаланып, әңгіме құрап жаз.

Жоспар

1. Жаралы торғай
2. Торғайды күтіп-баптау
3. Торғайды ұшыру



- Құраған мәтінің неше бөліктен тұрады?
- Бұл мәтіннің қай түріне жатады? Есіңе түсір.

Әңгімелеу

Пайымдау

Сипаттау



3-жаттығу. Мәтінді түсініп оқып, бөліктерін ата.

дақыл

Күз – жылдың әдемі мезгілінің бірі. Ағаш жапырақтары күзде түрлі түске боялады. Сарғайған жапырақтар жерге түседі.

Күздің келуімен күн салқындай бастайды. Жыл құстары жылы жаққа ұша бастайды. Бұл мезгілде дәнді дақылдар пісіп, астық жиналады.

Оқушылар күзде демалыстан оқуға келеді. Олар жаңа білім алады. Күзде қайнаған еңбек басталады. Адам да, жануар да қысқа дайындалады.

(«Егемен Қазақстан» газетінен, өңделген)



4-жаттығу. Сурет бойынша «Күзгі табиғат» тақырыбында 1-топ мәтіннің басын, 2-топ мәтіннің ортасын, 3-топ мәтіннің соңын жазыңдар.



- «Мәтін түрлері мен ерекшеліктері» тақырыбында тұжырымдамалық карта құрастыр.

4

Сипаттау мәтіні



Сызба, тірек сөздердің көмегімен сипаттау мәтінінің ерекшеліктерін білесің.



1-жаттығу. Сызба арқылы сипаттау мәтіні туралы біліміңді есіңе түсір.

Сипаттау мәтіні

Адам, өсімдік, жануар, нысан, құбылыс сипатталады.

Қандай? Қай? сұрақтарына жауап береді.



2-жаттығу. А суретіне қай мәтін, Ә суретіне қай мәтін сәйкес келеді? Екі мәтіннің ұқсастығы мен айырмашылықтарын айтыңдар.



а)



ә)

А мәтіні Қуаныштың ауласында жұлдызгүл өсіп тұр. Қуаныш оны жаз бойы күтіп-баптады. Жұлдызгүл – күзгі өсімдік. Ол қыргүйек айында гүлдейді екен. Міне, енді қызыл, күлгін жұлдызгүлдер күзгі ауланың сәнін кіргізіп тұр.

Ә мәтіні Мынау – жұлдызгүл. Оның түсі қызыл. Гүлі жұлдызға ұқсайды. Жапырағы жасыл, сабағы жіңішке, қоңырлау.

- Мәтін түрлерін ажырат.



Сипаттау мәтінінің құрылымы ерекше. Бұл мәтінде адамның бейнесі, табиғи құбылыстың сипаты, өсімдіктің түрі сипатталады.



3-жаттығу. Барқытгүлдің құрылысын сипаттап жаз.

Барқытгүлдің	сабағы ...	
	күлтесі ...	
	жапырағы ...	
	тамыры ...	



4-жаттығу. Жоспар мен тірек сөздерді пайдаланып, алмаағашты сипаттап жаз.

Жоспар:

1. Алмаағаштың діңі
2. Бұтағы мен жапырағы
3. Дәмді жемісі

			
Жуан, қоңыр	Тарам-тарам, қоңыр, қызылдау	Кішкентай, жасыл	дөңгелек, қызыл, хош иісті



5-жаттығу. «Ойлан, тап!» ойынын ойнайық. Шарты: сұрақтарға тірек сөздердің көмегімен жауап жаз.

Оның түсі қандай?

Іші қандай түсті?

Пішіні ше?

Жалпақ па, әлде шар тәрізді ме?

Өзі қандай?

Ол не?



Тірек сөздер: ақ, сарғыш, дөңгелек, шар тәрізді, кішкентай.

- Сөйлемдерді дауыстап оқы. Неліктен сипаттау мәтіні екенін дәлелде.


5 Пайымдау мәтіні



Пайымдау мәтінінің ерекшелігін білесің.



1-жаттығу. Сызба арқылы пайымдау мәтіні туралы біліміңді есіңе түсір.



2-жаттығу. Тыңда. Мәтіннің қай түрі екенін анықта.



Ұйші елге үй салып, көп мал табады. Бірақ ол тапқан табысын ысырап етпейті.

Мәтіннің басы

Көршісі одан табысының қайда кеткенін сұрайды. Ұйші тапқан малын ата-анасын күтуге, балаларының тәрбиесі мен оқуына жұмсайтынын айтты.

Мәтіннің ортасы

Ұйші мұны борышын өтеу және болашаққа салған өсім деп түсіндірді. Өйткені бұл – отбасына деген жауапкершілігі.

Мәтіннің соңы

- Пайымдау мәтінін дәлелдейтін мысалдар келтір.



3-жаттығу. Үлгі бойынша және әр сұраққа 2 сөйлемнен жауап жаз. Салыстыр.

Пікір + дәлел + мысал + қорытынды

Пікір: Сенің ойыңша, жануарлардың адамға пайдасы бар ма?

Дәлел: Оны қалай дәлелдейсің?

Мысал: Қандай мысалдар келтіресің?

Қорытынды: Жануарларды қорғау қажет пе?

- Қандай мәтіннің түрін құрадың? Дәлелде.

ұйші
борыш
өсім



4-жаттығу. Мәтіндерді салыстырып оқы. Қандай айырмашылықты байқадың?

1. Оқпақ – көкқұтанға ұқсас құс. Ол өте сақ. Қамыс арасында ешкімге көрінбей тіршілік етеді. Аңшылар да оқпақты байқамай қалады. Өйткені оның түсі қамысқа ұқсас болады.



2. Бірде Марғау атты жолбарыс тұрған торға бардым. Қоршаудың бергі шетінде жолбарыстың бір күшігі ұйықтап жатыр.



3. Ақбөкен сырттай қарағанда қойға ұқсайды. Оның тұмсығы дөңес, басы үлкен болып келеді. Артқы аяқтары алдыңғы аяқтарынан ұзындау.



(«Қазақстанның жануарлар әлемі» кітабынан)

а) сипаттау мәтіні

ә) әңгімелеу мәтіні

б) пайымдау мәтіні



5-жаттығу. Мақалдың мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіндір.



— аң патшасы,



— мал патшасы.

- Неліктен осылай атағанын дәлелдеп жаз.
- Қандай мәтін түрін құрадың?

6

Мәтін түрлерін қайталау



Мәтін түрлерінің ұқсастығы мен айырмашылықтарын салыстырасың.



1-жаттығу. Мәтіндерді оқып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңдар.

Тоғай іші тып-тыныш. Әр жерден тоқылдақтың тоқылы естіледі. Орманшы желден сынған құрғақ бұтақтарды жинап жүр.

Тоғай ішіндегі ағаш жапырақтарының түсі қызыл, сары, қызғылт. Жер де сап-сары, қызыл. Ағаш діңдері мен бұтақтары қоңыр.

Тоғай іші қатты өзгеріп кетіпті. Ағаш жапырақтары алуан түске боялыпты. Жапырақтар жерге қалқып түсіп жатыр. Кейбір ағаштар жапырақсыз қалыпты.

Күздің келуімен осындай өзгеріс болады, себебі күн суыта бастайды. Ағаштар да қысқа дайындалады.



- Сипаттау мәтінінде нені сипаттаған?
- Пайымдау мәтінінің әңгімелеу мәтінінен қандай өзгешелігі бар?



2-жаттығу. Өлеңді түсініп оқып, мазмұнын әңгімеле.



Алтын күзде бір шуақ, бірде салқын,
Жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын.
Ағашта жапырақтар сылдырлайды,
Төгілген алтын теңге сансыз жалқын.

(Сәкен Сейфуллин)



- Ақын суреттеген күзгі даланы сипаттап жаз. Мәтіннің қай түрін жаздың?



3-жаттығу. Сурет пен кестедегі сұрақты пайдаланып, мәтін құрап жазыңдар.



Жомарт жексенбі күні күзгі тоғайға келді...



1-топ	2-топ	3-топ
Өңгімелеу мәтіні	Сипаттау мәтіні	Пайымдау мәтіні
Не болды?	Қандай?	Неліктен?



4-жаттығу. Кестені ауызша толықтыр.

Мәтін түрлері		
... мәтіні	... мәтіні	... мәтіні
Бір нәрсе туралы ... , хабарланады.	Адамның, жануардың сырт ... , табиғаттың ... сипатталады.	Оқиғаның, құбылыстың ... дәлелденеді, тұжырымдалады.



5-жаттығу. Тірек сөздер мен сөйлемдерді оқып, олардың мәтіннің қай түріне тиесілі екенін анықта.

сарғайды жауды тасыды отырғызды

қызғылт сары жуан жіңішке

Өйткені ол жарқырап тұрады.
Сондықтан елік Қызыл кітапқа енді.

7

Мәтін тақырыбы бойынша болжау




Мәтін мазмұнын болжайсың.

Сұрақтарға жауап бере отырып, мәтінді әрі қарай жалғастырасың.



1-жаттығу. Мәтін тақырыбы не туралы болуы мүмкін? Болжам жаса.

Адам қолымен жасалған кереметтер



2-жаттығу. Мәтінді тыңда, сұрақтарға жауап бер.

Адам қолымен қандай керемет жасалған? Еліміздің ерекше ғимараттары туралы әңгімеле.



3-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап.

Токқа тисе мұрты ұзын,
Табанымен жазық
Киімдердің қыртысын
Береді тез жазып.

- Жұмбақтың шешуі болған сөзді пайдаланып, пайымдау мәтінін құрап жаз.



4-жаттығу. Суреттерді пайдаланып, мәтінді өз болжамыңмен толықтыр. Тақырып қой.

Адам қолымен жасалған кереметтер көп. Мысалы:



– ... өту үшін салынған құрылыс.



– су ағысын ... үшін салынған тосқауыл.



– аспан арқылы адам мен жүк таситын ...

кемесі.

Бұлардың бәрі адам ... жақсартуға арналған. Болашақта жаңалық ашқың келсе, онда ...

- Осы нысандардың бірін сипаттап жаз.
- Үйде адам қолымен жасалған кереметтердің біреуінің суретін сал не макетін жаса. Несімен керемет екенін түсіндір.



5-жаттығу. Сурет орнына тиісті сөзді қойып, өлеңді аяқта.

Мен  баламын,

Өсіп  боламын.



үй салатын



боламын.

8

Тақырыпқа сәйкес әңгіме құрау




Жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша мәтін құрайсың.



1-жаттығу. Жоспар бойынша ауызша мәтін құраңдар.

Жоспар:

- 1) Қызық ойын
- 2) Жараланған балапан
- 3) Балапан үйде
- 4) Дәрігерлік көмек



- Өзіңе ұнаған тақырыпта әңгіме құрап жаз.



2-жаттығу. Түсініп оқы.

Қоян-ата көжектеріне көп сәбіз әкелді. Оларды бір-бірден бөліп берді.

Кенже сұр көжек: «Маған қотыр сәбіз бердің, жемеймін!» – деп өкпеледі. Сәбіздің түп жағында 2-3 бүртігі бар екен. Оны басқа бір көжек қағып алдыда, бір-ақ асады.

Сұр көжек аш қалды. Атасы оған: «Солай, балам, өкпелеген үлесінен құр қалады», – деді.

(Мұзафар Әлімбаев)

- Мәтінге қандай тақырып қояр едің?



3-жаттығу. Мәтінде не туралы айтылған?

Жылқының көзі басының алдында емес, екі жағында орналасқан. Ол айналаны толығымен көре алады екен. Тіпті артында не болып жатқанын да байқайды. Ол құлағы арқылы өте ақырын дыбысты ести алады. Жылқының құлағы алға қарай тікірейсе, онда оның бір нәрсеге қызыққаны. Егер құлағы артқа қайырылса, онда ол ашулы.

Жылқы – сезімтал, ақылды жануар. Ол адамға көлік те, серік те болады.

(Ахмет Тоқтабай)



- Жұбыңмен ақылдасып, мәтінге жоспар құрыңдар.



4-жаттығу. Үш суретке ортақ тақырып ойлап тап.



1



2



3

- Жоспар бойынша мәтін құрап жаз.

10 Жоспар бойынша әңгіме құрау



Жоспар, тірек сөздер, тақырып және сурет бойынша әңгіме құрайсың.



1-жаттығу. Сызба арқылы мәтіннің жоспары туралы біліміңді есіңе түсір.

Жоспар үш бөлімнен тұрады.

1. Кіріспе: оқиғаның басындағы негізгі ойды 1-2 сөзбен жаз.

2. Негізгі бөлімдегі ойды 1-2 сөзбен жаз.

3. Соңғы бөлімдегі ойды 1-2 сөзбен жаз.



2-жаттығу. Жоспар мен тірек сөздерді қолданып, берілген тақырып және суреттер бойынша әңгіме құраңдар.

Көмек

Жоспар

1. Жауында қалған күшік
2. Қыздардың қамқорлығы
3. Жылы үйдегі жаңа өмір



Тірек сөздер: жауынды күні, әбден тоңған, қос құрбы, қарны аш.



3-жаттығу. «Күзгі тоғай» тақырыбына құрылған жоспардағы қателіктерді тап. Тірек сөздерге сүйеніп, жоспарды өзгерт.

Жоспар

1. Тоқылдақ пен торғай
2. Тоғай ішіндегі өзгеріс
3. Құстардың жылы жаққа ұшуы

Тірек сөздер: құстар, күз, жылы жақ, тып-тыныш, тоғай іші, торғайлар, бұтақтан бұтаққа, естілу, тоқылдақтың тоқылы.



4-жаттығу. Тақырып, сурет және тірек сөздер бойынша алдымен жоспар, сонан соң мәтін құра.

мұржа

Өзгерген балапандар



Тірек сөздер: тауықтың сары балапандары, аулада жатқан мұржа, қап-қара балапандар.

шалғын



5-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңдап, өзіңнің жазған мәтініңмен салыстыр.



6-жаттығу. Мәтінді түсініп оқып, оған тақырып қой және мазмұны бойынша жоспар құрып, жаз.

Менің құлыным бар. Оның маңдайы қасқа. Құлынымның аты – Ақмаңдай. Ақмаңдай өте сүйкімді.

Бірде Ақмаңдай екеуміз ауыл сыртындағы шалғынға бардық. Құлыным шалғында әрі-бері шауып жүр. Мен де екі санымды шапақтап жүгіріп жүрмін. Бір кезде аяғым шұңқырға түсіп құлап түстім. Қорыққанымнан бақырып жылай бастадым. Осы кезде Ақмаңдай менің жаныма келіп, менің кекілімді иегімен сипай бастады. Мен жылауымды қойдым.

Ақмаңдай екеуміз аяндап үйге қайттық. Құлыным әдеттегідей шаба жөнелмеді. Мені жетектегендей жанымда келеді. Міне, дос деген Ақмаңдайдай болсын.

(М. Солтанғазина)



- Осындай оқиға басыңнан өтті ме немесе естігенің бар ма? Жаз.

11


Тірек сөздер бойынша мәтін құрау



Тірек сөздер бойынша мәтін құрайсың.



1-жаттығу. Сурет және тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрап жаз.



Тірек сөздер: керіктің бойы, қауіпсіздік ережесін сақтау, фотоға түсу, сурет салу, таңдану, зерттеу.



2-жаттығу. Оқиға төмендегідей ретпен баяндалатын мәтін құраңдар.



- 1-топ: Серуенге дайындық
- 2-топ: Хайуанаттар бағында
- 3-топ: Балалар мен жануарлар



3-жаттығу. Өлеңнен қаратпа сөздерді тауып, тыныс белгісінің қойылу себебін түсіндір.

өзек

Көжегім-ау, көжегім,
Талған жоқ па өзегің?
Қарның ашып қалмасын,
Шөптен өзге не жедің?

Көжегім-ау, көжегім,
Қазір тамақ беремін.
Жыбырлайды ерінің,
Келіп отыр не дегің?

(Серікбай Оспанов)



- Өлеңді қалай атауға болады?
- Өлеңнен тірек сөздерді тауып, мазмұнын жаз.



4-жаттығу. Тірек сөздерге сүйеніп, мәтіндегі сөйлемдердің ретін анықта.

Тірек сөздер: жазық, жайылады, қарауыл, қауіп, ұқсайды.

1.	Ақбөкендер жазық даланы мекендейді
...	Ақбөкен сырттай қарағанда қойға ұқсайды.
...	Қауіп төнсе, пысқырып, дыбыс береді.
...	Олар топ-тобымен жайылады.
...	Көрі ақбөкендерді қарауыл қарайды.



5-жаттығу. Мәтінді оқы.

азу

Әрбір жабайы аңның жауларынан сақтанатын қаруы болады. Қасқырдың қаруы – тіс, қабанның қаруы – азу. Киік, ақбөкен сияқты аңдарда ондай қару жоқ. Қасқыр құса, олар қашып құтылады.

Дала аңдарының ішінде ақбөкен мен киіктен жүйрігі жоқ. Киіктің жаңа туған лағын құралай деп атайды.

(Әуелбек Қоңыратбаев)

- Мәтіннен тірек сөздерді табыңдар.
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақ-жауап әзірлеңдер.



Сызба бойынша мәтін құрап үйренесің.



1-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оны төмендегі жоспар бойынша әр бөлігін мазмұнда.

Жоспар

1. Жаралы лақ
2. Ойынпаз лақтың қылығы
3. Лақтың орманға оралуы



2-жаттығу. Тыңдаған мәтіннің мазмұнын өзің құрған жоспарыңа сүйеніп, сызба бойынша әңгімеле.

Оқиғаның
басталуы

Оқиғаның әрі
қарай дамуы

Оқиғаның
аяқталуы



- Бір-біріңнің жазған мәтіндеріңді оқып, бағалаңдар.



3-жаттығу. Ертегіні оқып, сурет бойынша жалғасын жаз.

Ертеде Қазақстан жануарлары арасында жүгіруден жарыс өтіпті. Жарысқа елдің әр аймағынан жүйрік жануарлар қатысыпты. Қасқыр далалы, кесіртке шөлді, барыс таулы, ал тырна сулы аймақтан келген екен. Сонымен қатар шөл даладан тасбақа да келіпті. Сөйтіп, жарыс басталыпты...

(Мәрия Солтангазина)



- Ертегі кейіпкерлерінің қайсысы қайдан келген? Суреттен көрсет.
- Жеңіске жеткен барыс туралы не білесің?



4-жаттығу. Сызба және сурет бойынша пайымдау мәтінін құра.



I. Мәтінің
басталуы

II. Негізгі бөлім
Өйткені, ...
Біріншіден, ...
Екіншіден, ...

III. Мәтінің
аяқталуы

- Мәтініңді мына сөйлеммен аяқта: «Сөйтіп, балалар суға батып кете жаздаған кішкентай күшікті аман алып қалды».
- Құраған мәтініңді қалай атар едің?



5-жаттығу. Сызба бойынша мәтін құрап жаз. Жағалтай туралы дереккөздерден ізденіп оқы.





Мәтіндегі негізгі ойды анықтайсың.



1-жаттығу. Сурет бойынша араның пайдасы туралы әңгімелендер.



- Әңгімедегі негізгі ойды тап.

1. Ара – еңбекқор жәндік. Табиғатқа да адамға да пайдасы зор.

2. Ара – түсі ақ, сары жәндік. Оны тек жазда ғана көруге болады.

3. Араның уы ащы. Арадан сақтану керек.



2-жаттығу. Бейнежазбаға қара. Қарақал туралы 3 ақпарат айт. Төмендегі мәтінді оқып, автордың не айтқысы келгенін анықта.

Қарақал – шапшаң қозғалатын жыртқыш. Жазда суға жақын жүреді. Қарақал ін қазбайды. Олар түлкінің інін пайдаланады. Жылдан-жылға саны азайып келеді. Сондықтан қорғауға алынған. Қазір қарақал Қазақстанда Үстірт қорығында, Ақтау-Бозащы, Қарақия-Қарақол қорықшаларында өсіріледі.



(Қазақстанның Қызыл кітабынан)

- Мәтіндегі негізгі ойды тап.
- Осы сұраққа дәлелдер келтіріп жауап бер.



3-жаттығу. Жұмбақты көшіріп жазып, шешуін тап.

Тастан-тасқа секіреді,
Қалқиып қос құлағы.
Ойын оның көңілінде,
Аула – оның тұрағы.



- Өлеңнің мазмұнын өз сөзіңмен айт.
- Мәтіндегі негізгі ойды ата.



4-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы. Қай сөйлем артық?

Тиіндер қыста жейтін қоректерін ағаштардың қуысына тығады және жерге көміп тастайды. Қыста балалары жаңғақ жейді. Олардың қоректері: саңырауқұлақ, қарағайдың бүрі, жаңғақ, орман жидектері. Олар қоректерін кейде таба алмай да қалады екен. Сол көмілген жаңғақтардан жаңа ағаш өсіп шығады.

(«Табиғат гажайыптары» кітабынан)



- Мәтіннің негізгі ойы не туралы? Соны 3 сөйлеммен жаз.



5-жаттығу. Тиіннің пайдасын сызбаның көмегімен жаз. Тиін жайлы ізденіп оқы.

Тиін – орман бағбаны



Тиін орманды
жаңартады.
Қалай?

Зиянкестермен
қоректенеді.
Қандай пайда береді?

Тиінге де қамқорлық
керек.
Не үшін?

14

Салыстыра сипаттау мәтінін құрау



Салыстыра сипаттау мәтінін құрап үйренесің.



1-жаттығу. Суреттер мен өлең жолдарын сәйкестендір. 1-жол қай суретті сипаттап тұр?



Қырмызы гүл қырлары,
Сары алтындай құмдары.
Бозғылт селеу белдері,
Көкшіл мөлдір көлдері.

Түрлі түсті келбеті,
Қандай әсем жер беті!

(Ермек Өтетілеуұлы)



- Туған жердің табиғатын қандай сөздермен салыстырған?
- Сары **алтындай** құмдары дегенде құмды неліктен алтынға теңеген?



Бір затты, құбылысты сөзге **-тай, -тей, -дай, -дей** және **-лау, -леу** жұрнақтарын жалғау арқылы сипаттаймыз. Мысалы: *күмістей* жарқыраған балық. Оюдың түсі **сарылау**.



2-жаттығу. Үлгі бойынша 1-жаттығудағы әр суретті сипаттап жазыңдар.

Үлгі: 1-топ: дәл көк тудың **түсіндей** көкпеңбек. Тек әр жеріндегі бұлт үлпілдеген **мақтадай** қалқиды.

Дала ал қызыл **кілемдей**.

- Қарамен жазылған сөздер салыстыруға көмектесті ме?



3-жаттығу. Салыстыра сипаттау мәтінін түсініп оқы.

Ителгі дәл бүркіт секілді. Тұмсығы бүркіттікіндей имек. Түсі бүркітке қарағанда қара қоңыр, бауыр жүнінің түсі күйедей қап-қара. Құйрығы ақ танадай теңбіл.



4-жаттығу. Біздің елімізде бұғы да, елік те тіршілік етеді. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мәтіндерді түсініп оқы. Мәтіндердің ішінен салыстыра сипаттаған бөліктерін көшіріп жаз.



аша тұяқ

Мынау – Мынау – Бұғының денесі ... еліктікіндей, аяғы ... , басы ... , ... , түсі Мүйізі ... тармақты. Ағаштың бұтағы секілді. Аша тұяғы ..., сондықтан қалың қарға, батпаққа аса батпайды.

дәл

созылыңқылау

ұзын

қою қоңыр

бірнеше

жалпақтау



Дәл, қарағанда деген сөздері салыстыра сипаттау мәтінінде қолданылады. Мысалы: *Көл дәл күміс теңгедей. Бүркітке қарағанда қаршыға кішкентай.*



5-жаттығу. Мәтіннің мазмұнына сәйкес қандай тұжырымдармен келісесің? Пікіріңді дәлелдеп жаз.

Аша тұяғы
жалпақтау.
Оның пайдасы
зор.

Аша тұяғы
жіңішкелеу.
Оның пайдасы
зор.

15

Тірек сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрау



Құстар туралы білгеніңді қолданып, мәтін құрайсың.
Тірек сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап үйренесің.



1-жаттығу. Сызба арқылы пайымдау мәтінінің құрылымын есіңе түсір.

Пайымдау мәтіні

илеу

Құмырсқа – әлемдегі ең күшті тіршілік иесі.

Біріншіден, құмырсқа өзінен он есе ауыр салмақты көтере алады. Екіншіден, құмырсқа илеуінің жерасты бөлігіне торланған жолдар салады. Кәдімгі қала секілді.

Демек, құмырсқа – әлемдегі ең күшті жәндік.

Мәтіннің 1-бөлімінде қандай да бір ой баяндалады.

Сол ой дәлелденеді.

Ой қорытындыланады.



2-жаттығу. Көп нүктенің орнына тірек сөздерді қойып жаз. Қандай мәтін шықты?

Ит – адамның ...

1-бөлім Адамдар ... өте ертеде қолға үйретті. Ит оларға аң ... көмектесті. Адамның малы мен үйін Тіпті өрт кезінде ... құтқарды.

2-бөлім Қазіргі заманда иттер – құтқарушы, жол көрсетуші. Олар жоғалған адамдарды ... , апат кезінде ... көмектесуге қабілетті.

3-бөлім Осылайша ит адамның адал досы екенін ісімен Сондықтан болар, қазақ халқы итті жеті қазынананың біріне жатқызады.

(«Менің алғашқы энциклопедиям» кітабынан)

Тірек сөздер: аулауға, итті, күзетті, досы, дәлелдеген екен, адамдарды, құтқарушыға, табуға.



Пайымдау мәтінінде кез келген ой дәлелденеді немесе теріске шығарылады.



3-жаттығу. Сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, пайымдау мәтінін құрап жаз.



Тірек сөздер: дос, құстар, құртады, егінді, зиянкестер, егін, өседі, жақсы, өсімдіктер, сайрайды, қорғаймыз.



4-жаттығу. Мәтінді оқып, пайымдау мәтіні түрінде аяқтап жаз.

Қарға мен шауқарға еліміздің барлық аймағында кездеседі. Қарға ұясын ағаш басына, кейде қамыс арасына салады. Шауқарға ұясын жарға, үй шатырына салады.



Қарға – қара түсті құс. Тек мойнында сұр қауырсындары бар. Ал шауқарға – сұр түсті құс. Тек басы, мойны, қанаты мен құйрығы қара.



(«Менің алғашқы энциклопедиям» кітабынан)

- Мәтіннің соңғы бөлігіндегі тірек сөздердің астын сыз.



5-жаттығу. Сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, пайымдау мәтінін құра.

қаршыға



сондықтан Қызыл кітапқа енген

қаршыға

1-2 жұмыртқа

биік ағаштар мен

таулы жерде тіршілік етеді

құс патшасы

зәулім жартасқа ұя салады

көп ауланады

16

Өзіңді тексер



Мәтін түрлері туралы біліміңді бекітесің.



1. Тақырып пен сурет бойынша мәтін түрлерін құрап жазыңдар.



1-топ	2-топ	3-топ
Әңгімелеу мәтіні	Сипаттау мәтіні	Пайымдау мәтіні
Күзгі еңбек	Күзгі жапырақ	Құстардың қайтуы
		
Егістік, бақтағы жұмыс, ересектерге көмектесу	Қызғылт сары, сары, алтындай, күннің нұры	Жыл құстары, күн суытты, жылы жаққа



2. Өздерің құраған мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңдер.

1-топ	2-топ	3-топ
Әңгімелеу мәтіні	Сипаттау мәтіні	Пайымдау мәтіні
1. Әңгімелеу мәтіні дегеніміз не? 2. Әңгімелеу мәтіні пайымдау мәтініне ұқсай ма?	1. Сипаттау мәтіні дегеніміз не? 2. Сипаттау мәтіні пайымдау мәтініне ұқсай ма?	1. Пайымдау мәтіні дегеніміз не? 2. Пайымдау мәтінінде оқиғаның, құбылыстың себебі дәлелдене ме?



3. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, пайымдау мәтінін толықтырып жаз.


Ит – ... қазынаның бірі. Иттер өте сезімтал әрі төзімді болады. Ата-бабамыз ежелден итті қолға Ит мал толы ... күзетеді. Малды ... қорғайды. Шегарашылар қызметтік ... көмегімен із кеседі, іздейді, құтқарады. Итті адамның ... деп бекер айтпаған.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)

Тиісті сөздер: досы, жеті, қораны, қасқырдан, иттің, үйреткен.



4. Кластер құра.



5. Жаңылтпашты түсініп оқып, мәтіннің қай түріне жататынын анықта.

Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда қарт арқар бар,
Алты арқарда марқа арқар бар.

марқа

- Жаңылтпашты жаттап, жылдам айтып үйрен.

Мазмұны

Құрметті оқушы!	3
-----------------------	---

I бөлім. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

1. Тіл және сөйлеу. Кел, балалар, оқылық!	5
2. Мәдениетті сөйлеп үйренейік. Табиғатты аяла.....	7
3. Мәтін түрлері. Әңгімелеу мәтіні. Адам және табиғат	9
4. Сипаттау мәтіні. Күзгі өсімдіктер	11
5. Пайымдау мәтіні. Жануарлардың адамға пайдасы	13
6. Мәтін түрлерін қайталау. Табиғаттағы күзгі өзгерістер....	15
7. Мәтін тақырыбы бойынша болжау. Адам қолымен жасалған кереметтер	17
8. Тақырыпқа сәйкес әңгіме құрау. Жануарлардың ерекше қылықтары.....	19
9. Диктант	20
10. Жоспар бойынша әңгіме құрау. Жануарлар тіршілігі	21
11. Тірек сөздер бойынша мәтін құрау. Жануарлар әлемі	23
12. Сызба бойынша мәтін құрау. Біздің елдегі жануарлар....	25
13. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Жануарлардың пайдасы.....	27
14. Салыстыра сипаттау мәтінін құрау. Туған жер мен оның жануарлары	29
15. Тірек сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрау. Жануарлар – біздің досымыз	31
16. Өзіңді тексер. Мен ізденімпаз баламын	33
17. Мазмұндама	34

II бөлім. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

18. Қаратпа сөз. Жақсы адамның хаты	36
19. Қаратпа сөз. Жақсы адамның ақылы.....	38
20. Қыстырма сөз. Досы жақсының өзі де жақсы.....	40
21. Қыстырма сөздің тыныс белгілері. Жақсылық жасаудан жалықпа	42
22. Ә дыбысы мен әрпі. Экологтің еңбегі.....	44

23. В дыбысы мен әрпі. Мен әдепті баламын	46
24. Ф дыбысы мен әрпі. Отбасындағы тәрбие	48
25-сабақ. Шығарма	49
26. Ц дыбысы мен әрпі. Үлкенге құрмет, кішіге ізет	50
27. Ч дыбысы мен әрпі. Көмектесу	52
28. Щ дыбысы мен әрпі. Тіл табыса білу – жақсы қасиет.....	54
29. Х дыбысы мен әрпі. Хайуанаттарға қамқорлық	56
30. Ы дыбысы мен әрпі. Құстарды аялайық.....	58
31. Өзіңді тексер. Мен талапты баламын	60
32. Жиынтық бағалау.....	61

III бөлім. УАҚЫТ

33. Дыбыстардың үндесуі. Уақыт – мезгіл.....	63
34. Сөз және оның мағынасын қайталау. Уақытты қадірлей біл.....	65
35. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Уақытты үнемдеу нұсқаулығы.....	67
36. Тура және ауыспалы мағыналы сөздер. Менің сүйікті жыл мезгілім.....	69
37. Мәдениетті сөйлем үйренейік. Уақытты дұрыс пайдалан.....	71
38. Туынды сөз. Қазақша жыл санау	73
39. Туынды сөз. Қыс пен көктем	75
40. Диктант.....	76
41. Түбірлес сабақ. Жылдық реттілікті сақтап өмірбаян жазу	77
42. Сөйлеу мәдениетінің жазбаша түрі. Атамнан келген хат.....	79
43. Түбір мен қосымша. Көрікті Астана – уақыт көрінісі	81
44. Түбірге -ы, -і жалғауларының жалғануы. Уақытты қадірлей біл.....	83
45. Мазмұндама	84
46. Түбір мен қосымшаның жазылуы. Жаз бен күз	85
47. Түбір мен қосымшаның жазылуы. Жоғалған уақыт.....	87
48. Өзіңді тексер. Мен зерделі баламын	89
49. Шығарма	90

IV бөлім. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

50. Сөйлем мүшелері. Көрікті ғимараттар	92
51. Тұрлаулы мүшелер. Сәулет өнерінің ерекше туындылары	94
52. Бастауыш. Театр – мәдениет ордасы	96
53. Бастауыш. Астана – бейбітшілік қаласы	98
54. Баяндауыш. Қазақ сәулет өнерінің тарихы.....	100
55. Баяндауыш. Алматыдағы әсем құрылыстар	102
56. Бастауыштан кейін қойылатын сызықша. Сәулет өнерінің болашағы	104
57. Тұрлаусыз мүшелер. Құрылысшы боламын	106
58. Сөйлем мүшелерінің байланысы. Мектеп – сәулетті ғимарат.....	108
59. Жалаң және жайылма сөйлем. Қазақ сәулет өнері.....	110
60. Жалаң және жайылма сөйлем. Сәулет өнерінің жетістіктері	112
61. Диктант.....	112
62. Өзіңді тексер. Мен ынталы баламын	114
63. Диктант.....	115
64. Жиынтық бағалау.....	115
 Мен не үйрендім?	116
Түсіндірме сөздік	120
Пайдаланған әдебиеттер	123